

«Келісілді»

ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы
Павлодар облыстық ауруханасы»

КМК директоры

А.Т. Мұсабеков

2026 ж. «10» қаңтар



«Бекітемін»

ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы
Павлодар облыстық ауруханасы»

КМК Бақылау кеңесінің төрағасы

С.У. Сыздықов

2026 ж. «10» қаңтар

Павлодар облысы әкімдігі,
Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының,
ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК
Ақылы қызмет көрсету туралы ереже

Павлодар қ., 2026 жыл

1. Нормативтік-құқықтық актілерге сілтеме

ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК ақылы қызметтерді Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы денсаулық сақтау жүйесі туралы» №360-VI Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-VI Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы «Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемінің тізбемін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп санау туралы» № 672 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы» №421 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №673 Қаулысына, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы «Басқалар үшін қауіпті болатын аурулар тізбесін және Қазақстан Республикасында уақытша тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар, баспана іздеп жүрген тұлғалар тегін медициналық көмектің кепілдік көлемін алуға құқығы бар медициналық көмектің көлемін бекіту туралы» №ҚР ДСМ-121/2020 Бұйрығына, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 29 қазандағы «Денсаулық сақтау субъектілерімен ақылы қызметтер көрсету ережелерін және ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) ұсыну бойынша шарттың типтік нысанын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-170-2020 бұйрығына сәйкес көрсетеді.

2. Ақылы қызметтер түрлерінің тізбесі

Ақылы қызметтердің бағасы, медициналық, сервистік қызметтермен байланысты шығындардың барлық түрлерін және басқа қосымша шығындарды есептей отыра, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелген. Ақылы қызметтер ақылы қызметтердің бағалар прейскуранты бойынша (1 Қосымша) көрсетіледі және ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК Бақылау кеңесімен келісілді.

3. ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтер тізбесі

Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемі Қазақстан Республикасының азаматтарына, босқындарға, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасының аумағында үнемі тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға бюджеттік қаражат құралдары есебінен көрсетіледі, ең үлкен дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтерді, сонымен қатар дәрімен қамтамасыз етуді қамтиды.

- Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемінің тізбесі Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы №672 Қаулысымен бекітілген.

- Қазақстан Республикасында уақытша тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, баспана іздеп жүрген тұлғалар басқалар үшін қауіпті аурулар кезінде өкілетті органмен анықталған тізбе және көлемі бойынша, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттармен қарастырылмаса, тегін медициналық көмектің кепілдік көлемін алуға құқылы.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – бұл әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық қызметтердің тұтынушыларына медициналық көмекті көрсету бойынша құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені.

- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 673 Қаулысымен бекітілген.

4. Медициналық қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтер

Пациенттердің талабы бойынша оларға ақылы қызметтерді көрсетуде қатысатын медициналық қызметкерлердің біліктілігін дәлелдейтін құжаттар ұсынылады («Медициналық қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтер» №2 қосымша).

5. Ақылы қызметтерді көрсету шарттары

Ақылы қызметтер аурудың профилі мен медициналық және дәрігерлік іс-әрекетпен айналысу лицензиясының сәйкестігі жағдайында көрсетіледі.

Ақылы қызметтер пациенттерге төмендегі жағдайларда ұсынылады:

- олардың өз ынтасы бойынша медициналық көмек көрсету, соның ішінде алғашқы және екінші деңгейдегі мамандардың жолдамасысыз;

- медициналық көмекті тегін медициналық көмектің кепілдік көлемінен артық немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсету;

- ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік құралдармен емдеу;

- тегін медициналық көмектің кепілдік көлемінің тізбесіне немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің тізбесіне қосылмаған немесе медициналық көрсеткіштерсіз медициналық зерттеулер өткізу;

- медициналық көрсеткіштерсіз медико-генетикалық зерттеулер;

- тегін медициналық көмектің кепілдік көлемімен және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемінен артық қарастырылмаған медициналық тексерулер;

- шарт бойынша, соның ішінде ерікті медициналық сақтандыру бойынша

медициналық көмек көрсету;

- шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға медициналық көмек көрсету, Кодекстің 83 бабының 1 және 2 тармақтарымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда;

- қосымша сервистік қызметтер ұсыну.

Бюджеттік қаражат құралдары есебінен сатып алынған медициналық құрал-жабдықтар ақылы қызметтерді көрсету үшін де қолданыла алады.

6. Ақылы қызметтерді көрсету үшін есептесу процедурасы

ТМККК, МӘМС шеңберінде емделетін пациенттерге ақылы қызметтерді көрсетудің әр жағдайы, соның ішінде ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК дәрілік формулярына қосылмаған дәрілік құралдармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы «Денсаулық сақтау саласында есептік құжаттаманың нысанын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген медициналық құжаттамада көрсетіледі және негізделеді.

Пациенттерді ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК дәрілік формулярына қосылмаған дәрілік құралдармен қамтамасыз ету пациенттің жазбаша келісімі бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.

Пациенттерді ақылы негізде госпитализациялау ақылы бөлімшелерге (палаталарға) жүзеге асырылады.

Ақылы негізде госпитализациялау кезінде пациентпен шарт жасалады, сонда стационарда болу ережелері мен шарттары, емдеу құны мен төлеу тәртібі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың міндеттері мен жауапкершілігі көрсетіледі («Денсаулық сақтау субъектілерімен ақылы қызметтерді көрсетуге шарттың типтік нысаны» №2 қосымша).

Пациенттермен қолма-қол ақшалай есептесу денсаулық сақтау ұйымының кассалары арқылы жүзеге асырылады, міндетті түрде фискальді жадымен бақылау-кассалық машиналары қолданылады және пациентке бақылау түбіртегі беріледі, қолма-қол ақшасыз төлеу бойынша денсаулық сақтау ұйымының «Ақылы қызметтерден түскен құралдар» ағымдағы есебіне аудура жолымен жүргізіледі.

Ақылы негізде медициналық көмек алған пациенттерге ұсынылады:

- консультативтік-диагностикалық көмекті көрсету кезінде медициналық қорытынды беру;

- стационарлық, стационар ауыстыру көмек көрсету кезінде, соның ішінде медициналық оңалтуды өткізу кезінде сырқатнамадан қысқаша түсінік беру;

- қызметтердің саны мен бағасын көрсетумен көрсетілген қызметтер тізбесі туралы ақпарат.

7. Ақылы қызметтерді көрсету бойынша есеп пен есептік жүргізу тәртібі

Ақылы қызметтерді көрсету кезінде статистикалық есепке алу және есептік медициналық құжаттаманы жүргізу денсаулық сақтау саласындағы өкілетті органымен белгіленген нысан бойынша жүзеге асырылады.

Ақылы қызметтерді көрсету бойынша бухгалтерлік есеп пен есептік ТМКККК және МӘМС-дан бөлек есептік саясатқа сәйкес жүргізіледі.

8. Ақылы қызметтерден түскен құралдарды қолдану тәртібі

Ақылы медициналық қызметтерден түскен құралдар төмендегі тәртіпте шығындарды өтеуге жолданады:

- жұмыскерлердің еңбегін төлеу;
- өтемақы сипаттағы ақшалай төлемдер;
- салық және бюджетке басқа міндетті төлемдер;
- іссапарлық шығындарды төлеу;
- дәрі-дәрмек, шығыс материалдарды және басқа медициналық мақсаттағы құралдарды сатып алу;
- азық-түлік сатып алу;
- басқа тауарлар сатып алу;
- ғимараттарды, бөлмелерді, жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеуді өткзу;
- коммуналдық қызметтерді төлеу;
- кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;
- жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін төлеу;
- күрделі сипаттағы шығындар.

Ақылы қызметтерді көрсету үшін дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің жеке штаттық бірлігі бөлінеді, олардың еңбегін төлеу ақылы қызметтерден түскен құралдар есебінен жүзеге асырылады. ТМКККК және МӘМС шеңберінде медициналық көмек көрсететін медициналық қызметкерлер ақылы қызметтерді көрсетуде де қатыса алады. Ақылы қызметтерді көрсетуде қатысатын қызметкерлердің еңбегін төлеу келісім-шарттық негізде анықталады. Медициналық ұйымның басшысымен «Ақылы қызметтерден түскен табыстарды анықтау, қалыптастыру және қолдану бойынша ереже» өңделіп, бекітіледі.

ШЖҚ «Ғ.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК бірінші басшысы ақылы қызметтерді көрсету және ақылы қызметтерден түскен құралдардың мақсаттылы қолданылуы үшін жауапты болып келеді.